

1993 жылдың астығынан мемлекеттік ресурсқа дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдар мен шөптердің сортты және буданды тұқымдарын сатып алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 сәуір 1993 ж. N 279 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

(ү з і н д і)

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "Қазастықөнімі" концернінің облыстар және дақылдар бойынша N 1, 2 қосымшаларға сәйкес мемлекеттік ресурсқа 704 мың тонна көлемде дәнді-бұршақты дақылдардың (жүгерісіз), жүгерінің 109,2 және майлы дақылдардың 21.7 мың тонна сортты тұқымдарын, сондай-ақ 7485 тонна көп жылдық, 7100 тонна бір жылдық шөптердің тұқымдарын сатып алу жөніндегі ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

Сорттары мен будандары бойынша тұқымдарды сатып алу көлемі әрбір тұқым өсіруші шаруашылықтар мен мамандандырылған астық қабылдау кәсіпорындарына жеткізілсін.

В. Р. Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты Алматы және Талдықорған облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып буданды жүгерінің аталық нысандарының тұқымдарын өсіруді, жинауды және сұрыптауды үстіміздегі жылы осы қаулыда көзделген (N 1 қосымша) мөлшерде сатып алу қамтамасыз етілетіндей деңгейде ұйымдастырсын.

2. "Қазастықөнімі" концерні, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстардың әкімдері 1993 жылдың астығынан дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдар мен шөптердің сортты тұқымдарын сатып алуға контракттар шарттарын дер кезінде жасауды қамтамасыз етсін. Мемлекеттік ресурсқа сортты тұқымдарды беру астық, майлы тұқым сатып алудың жалпы көлемінің және несие қайтарудың есебіне жатқызылады. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1992 жылдың астығынан мемлекеттік ресурсқа дәнді, дәнді бұршақты, майлы дақылдар мен шөптердің сортты және буданды тұқымдарын сатып алу және сорттарға ақшалай үстеме мөлшері туралы" (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ, 1992 ж., N 12. 207 бап) 1992 жылғы 24 наурыздағы N 268 қаулысында көзделген сорттарға ақшалай

үстеме төлей отырып республиканың барлық шаруашылықтарынан шексіз мөлшерде дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдардың перспективалы, тапшы сорттарын, сондай-ақ арпаның, сұлының, дәнді-бұршақты, майлы дақылдардың аудандастырылған сорттарын және көп жылдық шөптердің, ақ жүгері мен судан шөбінің барлық сорттарын қабылдауға рұқсат етілсін.

Дәнді дақылдардың сортты тұқымдарын мемлекеттік ресурсқа беру, оларды дайындау жылында күзгі егіске жөнелту мен босату барысында оларға сапасына қ а р а й т ө л е м ж а с а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 наурыздағы N 268 қаулысына N 4 қосымшаның күші жойылған деп танылсын.

4. 1993 жылдың егін орағынан бастап жүгері мен ақ жүгерінің сортты және буданды тұқымдарына, сондай-ақ күнбағыстың буданды тұқымына сорттарға ақшалай үстеме мөлшері N 3, 4 және 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

5. Мемлекеттен ресурстан берілетін жүгері тұқымын босату бағасын төмендету мақсатында барлық ведомстволардың жүгері сұрыптау заводтары электр энергиясы үшін ауыл шаруашылық тұтынушыларға арналған тарифтер бойынша а қ ы т ө л е у ж а ғ д а й ы ж а с а л с ы н .

6. Мамандандырылған астық қабылдау кәсіпорындарында іріктелмеген, дәнді , майлы дақылдар мен шөптер тұқымдарының қалдықтары жиналып қалған жағдайда оларды шаруашылықтарға 1994 жылдың егінін салуға босатқаннан кейін несиені пайдаланғаны үшін банкіге төленетін проценттерді аталған кәсіпорындар кейіннен егіс мақсаттарына іске асырылатын шоттарға қосатын болып белгіленсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 279 қаулысына N 1, 2, 3, 4, 5 қосымшалар Қазақстан Республикасы бойынша 1993 жылдың астығынан дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың сортты, буданды тұқымдарын сатып алу КӨЛЕМІ Қазақстан Республикасы бойынша 1993 жылдың астығынан майлы дақылдар мен жемдік шөптердің сортты тұқымдарын сатып алу КӨЛЕМІ Сорттарға ақшалай үстеме МӨЛШЕРІ